

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға төлем карточкаларын шығаруға лицензия беру, беруден бас тарту, тоқтата тұру және қайтарып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың уәкілетті органның төлем карточкаларын шығаруға арналған лицензиясын алуға арналған қорытынды беруі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 122 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 19 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3161. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 28 мамырдағы N 57 қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.05.28. N 57 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының тақырыбы мен кіріспесіне өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 мамырдағы N 34 қаулысымен .

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға төлем карточкаларын шығаруға лицензия беру, беруден бас тарту, тоқтата тұру және қайтарып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың уәкілетті органның төлем карточкаларын шығаруға арналған лицензиясын алуға арналған қорытынды беруі шарттарын нақтылау мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ**

Е Т Е Д І

1. Қоса беріліп отырған Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға төлем карточкаларын шығаруға лицензия беру, беруден бас тарту, тоқтата тұру және қайтарып алу туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Р.Елемесовке жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасының

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдарға төлем
карточкаларын шығаруға
лицензия беру, беруден бас
тарту, тоқтата тұру және
қайтарып алу туралы
нұсқаулықты бекіту туралы"
2004 жылғы 13 қыркүйектегі
N 122 қаулысымен бекітілген

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдарға төлем карточкаларын шығаруға
лицензия беру, беруден бас тарту, тоқтата тұру
және қайтарып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктер мен банк
операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың уәкілетті органның төлем карточкаларын
шығаруға арналған лицензиясын алуға арналған
қорытынды беруі туралы
нұсқаулық**

*Ескерту: Нұсқаулықтың тақырыбы мен кіріспесіне өзгерту енгізілді - ҚР
Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 мамырдағы N 34 қаулысымен.*

Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға төлем карточкаларын шығаруға лицензия (бұдан әрі - лицензия) беру, беруден бас тарту

, тоқтата тұру және қайтарып алу, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - банктер) мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - банктік емес ұйымдар), егер Қазақстан Республикасының осындай ұйымдарының қызметін реттейтін заң актілерінде олардың өзге банк операцияларымен қоса төлем карточкаларын шығару мүмкіндігі көзделсе, уәкілетті органның төлем карточкаларын шығаруға арналған лицензиясын алуға арналған оң қорытынды (бұдан әрі - оң қорытынды) беру, беруден бас тарту және қайтарып алу шарттарын нақтылайды.

1-тарау. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия беру және беруден бас тарту

Ескерту: 1-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 мамырдағы N 34 қаулысымен .

1. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі - ұйым) лицензия беру шарты қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті ұйым (бұдан әрі - уәкілетті ұйым) берген жеке және/немесе заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізуге онда лицензияның болуы болып табылады.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 мамырдағы N 34 қаулысымен .

2. Лицензия алу үшін ұйым Ұлттық Банкке:

1) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көзделген құжаттарды ;

2) ұйымның нотариат куәландырған жарғысының көшірмесін (мемлекеттік және орыс тілдерінде) ;

3) уәкілетті ұйым берген жеке және/немесе заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізуге лицензияның нотариат куәландырған көшірмесі;

4) төлем карточкаларын шығаруға экономикалық негіздеме, оған: төлем карточкаларына қызмет көрсетуге болжанған тарифтер; төлем карточкаларын шығару, алғашқы үш айда төлем карточкаларына қызмет көрсету желілерін құру және дамыту бойынша жоспарлар (болжамдар); төлем карточкаларын шығару және/немесе қызмет көрсету тиімділігінің (құнын өтеуі) есебі ;

5) өтініш беруші төлем карточкасы жүйесінде ие болып табылмайтын жағдайда, өтініш берушінің төлем жүйесінде мүшелігін растайтын құжаттар;

6) өтініш беруші төлем карточкасы жүйесінде ие болып табылатын жағдайда төлем карточкасы жүйесін құрғанын растайтын құжаттар;

7) өтініш берушінің уәкілетті органы бекіткен төлем карточкаларын пайдалануға байланысты операцияларды жүргізудің ішкі ережелері;

8) төлем карточкасы жүйесі туралы негізгі сипаттамалар мен мәліметтерді с и п а т т а у , о ғ а н :

төлем карточкасы жүйесінің атауы;
қызмет көрсететін процессинг ұйымының атауы;
төлем карточкасының түрі (магнитті жолмен, интегралды микросхемамен, к о м б и н и р л е н г е н) ;

төлем карточкаларын пайдалануға байланысты төлемдер бойынша ақпарат алмасу режимі (он-лайн, офф-лайн) кіреді;

9) бағдарламалық-техникалық сипаттамалар туралы мәліметтер, оған: ақпарат алмасу, байланыстың телекоммуникациялық және пайдаланылған арналарының бағдарламалық-техникалық құралдарының құрамын сипаттау; электронды хабарлардың форматтары және оларды беру тәртібі; бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпаратты рұқсат етілмеген кіруден ұйымдық және басқа да қорғау тәсілдері туралы негізгі мәліметтер кіреді;

10) ұйымның төлем карточкалары бөлімшелері туралы ереже, оған: бөлімшенің құрылымы туралы ақпарат; бөлімшенің міндеттері мен функциялары; қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері; ұйымның басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-әрекет ету тәртібі туралы а қ п а р а т к і р е д і .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 мамырдағы N 34 қаулысымен .

3. Ұйымға лицензия беру туралы өтінішті Ұлттық Банк барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап бір ай ішінде қарайды.

Ұлттық Банк құжаттарды ескертулермен пысықтауға қайтарған не құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда құжаттарды қайта бергеннен кейін оларды Ұлттық Банктің қарау мерзімі қайтадан есептеледі.

Қажет болған жағдайда Ұлттық Банк құжаттардағы ақпаратты растайтын құжаттар мен мәліметтерді, осы Нұсқаулықтың 2-тармағында белгіленген тізбені сұратады.

3-1. Ұйымға төлем карточкаларын шығаруға лицензия Ұлттық Банк Басқармасы қаулысының негізінде осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасына сәйкес н ы с а н б о й ы н ш а б е р і л е д і .

Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 93 қаулысымен .

4. Лицензияны беруден бас тарту Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

5. Лицензия беруден бас тартқан жағдайда Ұлттық Банк өтініш берушіге лицензия беру үшін белгіленген мерзімде жазбаша түрде дәлелді жауап жібереді.

2-тарау. Ұйымдарға Ұлттық Банк берген лицензияны тоқтата тұру және қайтарып алу

Ескерту: 2-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 мамырдағы N 34 қаулысымен .

6. Лицензияны тоқтата тұру және оны қайтарып алу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер және тәртіп бойынша жүргізіледі.

7. Лицензияның қолданылуын тоқтатуға себеп болған жағдайларды жойған кезде Ұлттық Банк ұйымның өтініші бойынша өтініш берген күннен бастап бір ай ішінде лицензияның қолданылуын қалпына келтіру туралы мәселені қарайды.

8. Лицензияның қолданылуы лицензияның қолданылуын тоқтатуға негіз болған құқық бұзушылықтарды ұйымның жойғаны туралы ақпаратты растайтын тексеруді Ұлттық Банк жүзеге асырғаннан кейін Ұлттық Банк Басқармасының тиісті қаулысы негізінде қалпына келтіріледі.

9. Ұлттық Банк Басқармасының қаулысында лицензияны қалпына келтіру күні белгіленбеген жағдайда Ұлттық Банк Басқармасының тиісті қаулысын ұйымға жіберген күн лицензияның қолданылуы тоқтатылған немесе қалпына келтірілген күн болып есептеледі.

10. Ұлттық Банктен лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе оны қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде ұйым өзінің клиенттеріне жазбаша хабар жібереді және төлем карточкаларын шығарудың және ұйым клиенттері үшін қол жетімді жерлерде ұйым шығарған төлем карточкаларын пайдалануға байланысты операцияларды жүзеге асырудың мүмкін еместігі туралы хабарландыру жариялайды.

2-1-тарау. Оң қорытынды беру, беруден бас тарту және қайтарып алу

Ескерту: 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 мамырдағы N 34 қаулысымен .

10-1. Өтініш беруші оң қорытынды алу үшін Ұлттық Банкке осы Нұсқаулықтың 2-тармағының 3)-10) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады.

10-2. Оң қорытынды алу үшін ұсынылған құжаттарды Ұлттық Банк барлық қажетті құжаттар алынған күннен бастап бір ай ішінде қарайды.

Талап етілген құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған жағдайда Ұлттық Банк өтініш берушіден жетіспеген құжаттарды сұратады не құжаттарды карамастан өтініш берушіге қайтарады. Ұсынылған құжаттарды қайта қарау мерзімі олар Ұлттық Банкке келіп түскен күннен бастап жаңадан есептеледі.

10-3. Ұсынылған құжаттар осы Нұсқаулықтың 2-тармағының 3)-10) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Ұлттық Банк оң қорытынды беруден бас тартады.

10-4. Оң қорытынды беруден бас тартылған кезде өтініш берушіге бас тарту себептері көрсетіле отырып жазбаша түрде дәлелді жауап жіберіледі.

10-5. Негізінде банкке не банктік емес ұйымға оң қорытынды берілген шынайы емес мәліметтер анықталған, сондай-ақ банк не банктік емес ұйым оң қорытынды беру сәтінен бастап бір жыл ішінде уәкілетті органның лицензиясын алмаған жағдайда, Ұлттық Банк берілген оң қорытындыны қайтарып алады.

10-6. Оң қорытындыны қайтарып алған кезде Ұлттық Банк банкке не банктік емес ұйымға және уәкілетті органға қайтарып алу себептерін көрсете отырып жазбаша хабарлайды.

3-тарау. Қорытынды ережелер

11. Лицензияны жоғалтқан және лицензияны қайта ресімдеген кезде лицензияның көшірмесін алу Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

12. Ұлттық Банк осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша берілген, қайта ресімделген, тоқтатылған және қайтарылып алынған лицензиялардың тізілімін жүргізеді.

13. Осы Нұсқаулықпен реттелмейтін мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға төлем карточкаларын шығаруға лицензия беру, беруден бас тарту, тоқтата тұру және қайтарып алу туралы нұсқаулыққа 1-қосымша

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға төлем карточкаларын шығаруға берілген, қайта ресімделген, тоқтатылған, қайтарып алынған лицензияларды есепке алу тізілімі

Лицензияның нөмірі	Ұйымның атауы	Лицензияны берген (қайта ресімде.	Лицензия беруге (қайта ресімдеуге)	Лицензияны қайтарып алу, тоқтата тұру күні	Лицензияны қайтарып алу, тоқтата тұрудың
--------------------	---------------	-----------------------------------	------------------------------------	--	--

		ген) күн	негіздеме		негіздемесі

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдарға төлем
карточкаларын шығаруға
лицензия беру, беруден
бас тарту, тоқтата тұру
және қайтарып алу туралы

нұсқаулыққа 1-1-қосымша

*Ескерту: 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2005 жылғы 27 тамыздағы N 93 қаулысымен .*

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдарға төлем карточкаларын шығаруға
ЛИЦЕНЗИЯ**

н ө м і р і _ _ _ _ _

берілген күні _____ жылғы " ____ " _____

Осы лицензия Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының _____ жылғы " ____ " _____ N _____
қаулысына сәйкес _____

(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын

ұйымның атауы және орналасқан жері, мемлекеттік тіркелген күні
және нөмірі)

берілді және төлем карточкаларын шығару құқығын береді.

Осы лицензияның шарттарынан туындайтын құқықтар үшінші
тұлғаларға берілмейді.

Осы лицензия бір данада беріледі.

Төрағаның орынбасары